

## 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № А-5/285 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 маусымда № 7234 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.С. Хасеновке жүктелсін.

3. Осы қаулының әрекеті 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Зеренді ауданының  
әкімі

Б.Әбутәліпов

Зеренді ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "31" мамырдағы  
№ А-5/285 қаулысымен  
бекітілген

## 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
мемлекеттік	жеке меншік		
135	80	150	155

### кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындарының орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі ұйымдарында айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)		
Балабақша		Балабақша	Толық күн болатын	Жарты күн болатын

мемлекеттік	жеке меншік	Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	мемлекеттік	жеке меншік	мектеп жанындағы шағын орталық	мектеп жанындағы шағын орталық
23869,7	23869,7	16921,6	8460,8	10000	12000	8000	4000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ